...Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!
Жамбыл

# АТАМЕКЕН

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

Газет 1932 жылдан бастап шығады

www.atamekengazeti.kz Атамекен Газеті @atameken_gazeti atameken1932@bk.ru

90 ЖЫЛ

№ 43 (6138)
5 қараша, сенбі, 2022 жыл

## ЕЛ ҚҰРАҒАН ЕРЕН БИ

**Нұрлан ЕРТАС,**
**Жамбыл ауданының әкімі.**



XIX ғасыр – Жетісу қазақтары тарихындағы, оның ішінде оңтүстігінде Қоңыртөбе мен Талғар тауына, солтүстігінде Аңырақай мен Іле алабына дейінгі гүл жайнаған жаннат жерді мекендеген біздің Дулат-Шапырашты тайпалары үшін аса күрделі кезең болды. Айнала дұшпан оның табиғаты мен ен байлығына аса бір қомағайлықпен көз қадады.

Атап айтқанда, Ферғана жазығында 1710-1876 жылдар аралығында бас көтеріп, бірте-бірте қарымы күшейген Қоқан хандығының Құдияр хан билеген кездегі шеріктерінің аяусыз езгісіне ұшырап, іргедегі қырғыз ағайындардың ауық-ауық шапқыншылығынан да үнемі мазасы кеткен елдің басына алмағайып күн туды.

Оған қосымша Ұлы жүз қазақтары 1846 жылы маусымның 23-де бодандығына бой ұсынған соң, шығыстан ішкерілей еніп, бекіністен бекініс сала бастаған Ресей патшалығының озбырлығы барған сайын күшейе түскені де Жетісудағы жұрттың тағдырын одан сайын тығырыққа тіреді.

Осындай үшжақты қысыммен сығымдалғанда қандай шешім қабылдаған дұрыс болады деген сұрақ сол кезде әркімнің көкейінде тұрған да шығар. Саурық батыр Ыстанбекұлы кек қуған қырғыз алармандарының қолынан қапылыста қаза тауып, арыстан туған Сұраншы батыр Ақынбекұлы қорқау қоқандықтарды түре қуалап бара жатқан 1864 жылы күзде, Сайрам қаласының түбінде мерт болған соң, 1865 жылдан бастап Шапырашты тайпасының ендігі тізгіні өзі де сан жорықта шыңдалған ержүрек батыр, сарабдал саясаткер Сарыбай Айдосұлының қолына біржолата көшкен болатын. Осы кезде ғой, атақты сөз саңлағы Сүйінбайдың:

Көсемім – Сарыбайым, ел құраған,
Заманның доңғелегін тең бұраған.
Екейден бір дана адам шықса деп ем,
Құдайым тілегімді берді маған, – деп төгілте жырлайтыны.

*(Жалғасы 3-бетте)*

Бәрекелді!

## Қанжығамыз майланып қайттық

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақала-сында «Атқа міну» мәдениетін жандандыру туралы сөз болған еді. Иә, ол мәдениет біздің қанымызда бар қасиет. Себебі, қазақ-тың еңбектеген баласынан еңкейген қариясына дейін тұлпар көрсе делебесі қозбай тұрмайтыны анық. Сондай жандардың бірі ұлттық ат спортын дамытып жүрген көкпаршы жігіттер. Өйткені, ауданымыздың әр ауылында ат жалын





тартып, серкені тақымға басып, ұлттық ойынға қызығушылығы артқан жастардың саны күн санап артуда. Бұл қуанарлық жағдай. Сол жігіттердің арасынан кіл мықтылар іріктеліп аудандық «Намыс» атты көкпар құрама командасы құрылған болатын. Осы команда 26-30-қазан аралығында Алматы облыстық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының ұйымдастыруымен, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен Талғар ауданының Панфилов ауылындағы «Байсерке Агро» ипподромында ұлттық ат спорты түрлерінен жастар арасындағы облыстық чемпионатқа қатысып қайтты. Аудандық көкпаршылар Жамбыл ауданы әкімдігінің қолдауымен аталмыш доданға қатысып, бақтарын сынады.

Қырғызбай Нұрым жетекшілік етіп, Елдар Жиенқұлов жаттықтырған бұл жас көкпаршылардың көрсеткен нәтижесі де жаман емес. Көкпар ойынының алғашқы күні біздің көкпаршылар Қарасай ауданының құрама командасымен белдесіп, қарсылас команданы жеңіп, жартылай финалға жолдама алды. Ал, жартылай финалда біздің палуандар Еңбекшіқазақ ауданы көкпаршыларын жеңіп, ақтық мәреге жол тартты. Осылайша, ақтық мәреде облыстан кіл мықтылар анықталып, біздің көкпаршылар Талғар ауданы командасымен тартысты бәсекеге түсіп, қарсылас командаға есе жіберіп, жүлделі II орынды иеленді.

Иә, алғаш рет құрама команда болып құрылып, облыстық чемпионатқа барып, бірінші ойында осындай көрсеткішке қол жеткізу үлкен мәртебе.

Дәл осы күні жерлесіміз, ұлттық ат спорты ойындарының жанашыры Нұрым Орынтайұлы Алматы облыстық «Бәйге» федерациясының президенті болып тағайындалды. Ат үстінде жүріп, ұлттық ойындарымызды насихаттап, жастардың рухты, намысты болып өсуіне өз үлесін қосып жүрген осындай азаматтарымыз аман болсын.

Аудан намысын қорғап, жеңіс тұғырынан көрінген көкпаршыларымызды жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!

Елдар ЖАҚЫПБЕКОВ
ATAMEKEN

## Жаңа кәсіпорын ашылды



Жуырда аудан әкімі Нұрлан Ертас Ұзынағаш ауылында ашылған «Алатау» тігін цехының тыныс-тіршілігімен танысты.

Аталған кәсіпорын қазірдің өзінде 70 адамды жұмыс-пен қамтып отыр. Өндіріс орнына арнайы барған Нұрлан Ертасұлы жаңадан жұмысқа қабылданған ауыл тұрғындарымен тілдесті.

Кәсіпорын басшысы алдағы уақытта жұмысшы санын 300 адамға жеткізуді жоспарлап отыр.

Бұл өз кезегінде жұмыссыздық деңгейін азайтып, ауданның экономикалық көрсеткішін ұлғайтады.

Аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Қайрат Баймолдаев:

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ауданда жаңа жұмыс орындарын ашу басты мәселенің бірі. Бізге жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар бар. Енді осы кәсіпорынмен келісе отырып жұмыс іздеген тұрғындарымызды осында орналастырамыз. Алысқа бармай өз ауылында осындай жұмысқа тұрған азаматтарға бұл үлкен көмек болары сөзсіз, – деді.

Қазіргі таңда Алматы қаласына барып жұмыс істейтін азаматтар жетерлік. Алайда Алматыға күнделікті барып келу уақыт пен қаражатқа әсерін тигізеді.

Сондықтан осындай ауылды жердегі ашылған жаңа жұмыс орындары тұрғындарға қолайлы болмақ.

Егер осы тігін цехына жұмысқа тұрғыңыз келсе төменде көрсетілген телефон нөміріне хабарласып, толық ақпарат алуға болады. Тел: 87711919939

Бақтияр АЙТАЛЫ
ATAMEKEN

## АКЦИЯ АЯСЫНДА



Сейсенбі күні Алматы облысы прокуратурасының ұйымдастыруымен өңірдегі барлық елді мекендерді қамтитын «Заң керуені» акциясы Жамбыл ауданында өтті. Аталмыш акция Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес республика көлемінде ұйымдастырылып жатқан ауқымды шара.

Акцияның мақсаты – халыққа жедел құқықтық көмек көрсету, заңдарды кеңінен түсіндіру, заңды құқықтарын іске асыру мүмкіндігі жоқ әлеуметтік топтарды анықтау, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті толық нығайту болып табылады.

Шара барысында заң органдарының қызметкерлері мен әр салаға жауапты бөлімдердің мамандары тұрғындардың көкейінде жүрген сауалдарына жауап беріп, өтініштерін қарап, құқықтық көмек көрсетті.

Алматы облысының барлық өкілетті органдары сол күні сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін тұрғындарды әртүрлі мәселелері бойынша қабылдады.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## *Мәулiт мерекесiнiң маңызы зор*




Жамбыл ауданына қарасты Мыңбаев ауылдық округінің мәдениет үйінде «Мәуліт» мерекесі өтті. «Мәуліт» дегеніміз – Адамзаттың асыл тәжі, ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туған күнін атап өтуге байланысты тойланатын мереке. Әдетте мәуліт айында мешіт имамдары жамағатты ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сүннетін кеңінен таныстырды. Мемлекеттік мекеме қызметкерлері және ауыл тұрғындарының қатысуымен өткен айтулы шараға Жамбыл аудандық «Шынасыл» мешітінен Оралхан ұстаз, сонымен қатар, Қарғалы ауылдық «Майбұлақ» мешітінен Жеңісхан ұстаз қатысты. Мерекелік шара барысында салауаттар айтылды. Бұдан соң Қызырғазыұлы Ғұмар «Пайғамбарға арнау» өлеңін оқыды. Келесі кезекте сөз алған Мыңбаев мешітінің бас имамы Сауытбай Аймағанбетов Мәуліт мерекесінің маңызына тоқталды. Сөз соңында Мыңбаев мешітінің ұстазы Нұржайнат Зәкенқызы дәл осындай рухани кештер жиі өткізілсе деген ізгі тілегін білдірді.

Майра Райымбердиева
ATAMEKEN

## ҚҰРЫҚТАЛҒАН ЗАҢСЫЗДЫҚ



Ел шекарасын және сіз бен біздің тыныштығымызды күзетіп жүрген шекарашылардың еңбегі ерен ғой. Олар тек шекара маңын күзетіп қана қоймай ел ішіндегі түрлі заң бұзушылықтарға да жол бермейді. Соның бір дәлелі жуырда ҰҚК-нің Қарасай аудандық шекара жасағының қызметкерлерінің ашқан қылмысы. Яғни шекара жасағының қызметкерлері Қарғалы ауылдық округі әкімдігі қызметкерлері мен орман шаруашылығы күзеті өкілдерімен «Қарсора-2022» арнайы операциясын өткізді. Аталмыш іс-шара барысында «Ұзынқарғалы» шатқалында 2 сотық жерде егілген қарсораны тапты. Нәтижесінде, сол жерден ұзындығы 180 см болатын 381 түп қарасораның 37 кг-ның көзі жайылып, өртенді.

Ұлттың қауіпсіздігін ғана емес ел тыныштығын да ойлап, түрлі заң бұзушылықтарға жол бермей жүрген шекарашыларға алғыс айтып, еңбектеріне табыс тілейміз.

Е.ЕРКІН
ATAMEKEN

БАСПАСӨЗ – 2023

*Құрметті оқырман!*
*Жамбыл аудандық «Атамекен» газетінің 2023 жылғы басылымдарына жазылу жүріп жатыр.*
*Жеке адамдар үшін бір жылға – 4000 теңге, жарты жылға – 2000 теңге*
*Индексі 65264.*
*Зейнеткерлер мен мүгедектерге – 3564 теңге 60 тиын.*
*Индексі 35264.*
*Мекеме, кәсіпорындар, заңды тұлғалар үшін ведомстволық жазылым – 4000 теңге.*
*Индексі 15264.*

АТАМЕКЕН
– бүгінгі жаршымыз, ертеңгі тарихымыз

*«Halyk bank» банкоматтары арқылы жазылсаңыздар да болады.*
*Газетке жазылу редакцияның өзінде де жүргізіледі.*
*Біздің мекенжайымыз: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй.*
*Телефондар: 2–44–28, 2–44–27.*

*Толығырақ мәлімет алу үшін мына телефонға хабарласыңыз: 8–708–673–93–64*
*Аудан өмірінің апталық тынысынан жан–жақты хабардар ететін «АТАМЕКЕН» газетіне бір жылға толық жазылған тиімді.*
*Заман талабына қарай сіздерге көрсетілетін қызмет түрі де жеңілдегенін хабарлаймыз.*

*Жанашыр оқырмандарымыз енді «Атамекен» газетінің электронды нұсқасына редакция арқылы тікелей жазыла алады.*
*Ол үшін арнайы төлем жасап, телефон нөміріңіз бен эл.почтаңызды қалдырасыз. Газеттің «PDF» нұсқасы әр аптаның жұма күні электронды почтаңызға немесе «Whatsapp» құрылғыңызға жедел түрде жолданады. Сіз оны әдетте оқырмандардан бұрын ұялы телефоныңыз немесе компьютеріңіз арқылы сол заматта оқу мүмкіндігіне ие боласыз.*
*Электронды басылымның бағасы да қолжетімді (айына – 1000 теңге).*

# Құттықтаймыз!..



*Аудандық пошта торабының қызметкері Сүмесінова Гүлмира Қапанқызын 5 қарашадағы туған күн қуанышымен құттықтаймыз. Гүлмира пошта қызметі саласында 38 жыл бойы жемісті қызмет атқарып келеді. Ол ұзақ жылғы абыройлы қызметіне орай көптеген марапаттарға ие болған аяулы жан. Отбасында асыл жар, немерелеріне сыйлы, құрметті әже атанған отанасы. Көңілі көктем, жаны жаз. періште пейілді туған күн иесінің отбасына амандық, деніне саулық, қызметіне толағай табыс тілейміз.*

*Дос, құрбыға болып жүрсіз шын ұлгі,*
*Құтты болсын туған күнің бүгінгі.*
*Бар тілекті бүгін сізге арнаймыз,*
*Қабыл алып құттықтау бұл жырымды.*
*Құтты болсын жаңа келген жасыңыз,*
*Жақсылықпа қосылсын тек басыңыз*
*70,80,90-нан да ары асып,*
*100 жасқа да келсін деймiз жасыңыз! -*

***деп құттықтаушы «Атамекен» газеті редакциясының ұжымы.***

• *Дәрігер кеңесі*

# Сүт безінің қатерлі ісігінен қалай сақтанамыз?

Бүгінде сүт безінің қатерлі ісігі жас талғамайтын деңгейге жетіп отыр. Қыз-келіншектерімізде бұл ауру анықталған жағдайда 90 % сауығып кетуге мүмкіндік барын біреуі білсе, біреуі біле бермейді. Сондықтан әрбір әйел өзінің емшектегі жағдайын өте мұқият бақылап, дәрігер маммолог маманына қаралуы қажет. Қазіргі таңда медицина ғылымының жетістіктері мен заманауи диагностикалық технологиялардың арқасында рак ауруын ерте анықтап сүт безін қалпына келтіруге болады. Қыз-келшікшектеріміз сүт безі қатерлі ісігінің алдын алғысы келсе, мынадай үш тиімді іс-қимыл жасағаны жөн.

1. Кеудені өзін-өзі тексеру
2. Тексеруден өту. Маммография 40 жастан асқан әйелдер 2 жылда 1 рет өту. 20-40 жас аралығы УДЗ жылына 1рет өту.
3. Маммолог дәрігерге қаралу.

Өзін-өзі тексеру дегеніміз – алдымен, айна алдында тұрып, сүт бездерінің көздерін мұқият тексеріп көріңіз – асимметрия, қызару немесе шағылыстыру, әжімдер бар ма екен соны мұқият қарау керек. Содан кейін арқаңызбен жатып, денеңізді бос ұстаңыз. Алғашқы 3-4 саусағының жастығы сүт безінің бір бөлігін (оң қолыңызбен сол жақтан, керісінше) жоғалтпастан сезінуге бастайды және оның құрылымындағы кез келген өзгерістерге назар аударады – тығыздау немесе ауру сезімге. Тігінен тұрыңыз, содан кейін жасаған манипуляцияны қайталау керек. Емшек ұшын бас бармақ пен саусағыңызбен қысып, өзгеріс бар-жоғын білеміз. Егер қанды бөліністер анықталса ең қауіпті деңгей болып табылады.



Сүт безінде қандай да бір өзгерістер анықталса міндетті түрде дәрігерге хабарлаңыз.

Маммография – сүт бездерінің рентген сәулелері бар емделушінің ауыртпалықсыз, жоғары сапалы емі, ол бастапқы кезеңдерде, кішкентай болғанда және кәдімгі дәрігер 1 жылдан 2 жылға дейін анықтай алмайтын емделушілерде емшектегі қатерлі ісіктерді де анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, маммография – сүт безінің ауруларын диагностикалаудың ең қауіпсіз әдісі, себебі құрылғының радиациялық жүктемесі өте төмен және науқастардың денсаулығына қауіп төндірмейді. Маммографиялық суреттерді міндетті түрде сақтап қойыңыз, өйткені келесі тексерістерде бұл дәрігерге сүт безінің өзгеру динамикасын қадағалап, дұрыс диагноз қоюға көмектеседі. Күдікті құрамдарды анықтағаннан кейін ультрадыбыстық сканерлеуді бақылауға алған дәрігердің көмегімен функциясы немесе биопсиясы дереу жүзеге асырылуы мүмкін.

Лактация – сүт безі қатерлі ісігінің алдын алудың ең қуатты тәсілі, емшек сүтін секрециялау бүкіл дененің өте күрделі гормоналды процесі болып табылады. Егер сіз емшек емізудің физиологиялық процесін елеулі медициналық көрсеткіштерсіз жасасаңыз гормоналды жүйенің күшті күйзелісін тудыруыңыз мүмкін, сондықтан ол өз кезегінде дұрыс емес жасуша бөліп, қатерлі жасушаларға айналуы мүмкін. Ішкі киімді дұрыс кию. Дәрігерлер бұл дұрыс таңдалған бауырдың (тығыз, лимфа түйіндерін басу немесе тығыз рельефті тігістерге ие болу) емшектегі нәзік тіндерді жарақаттап, жүйке талшықтарын тітіркендіретіндігін дәлелдеді. Сондықтан, тек кеуде мөлшеріне және пішініне сәйкес келетін жоғары сапалы төменгі ішкі киімді(төстартқыш) таңдаңыз және анатомиялық дұрыс қолдауды қамтамасыз етеді. Күнделікті гимнастика жаттығуына бұлшықетті нығайту үшін кем дегенде бірнеше жаттығулар қосыңыз. Егер сүт безі мықты және күшті бұлшықеттермен қоршалса, онда басқа да ісік ауруларының алдын-алуға болады. Гормональды фонды қадағалау (әйел жыныс гормондарына үнемі анализ тапсыруы керек). Егер сізде кеуде қатерлі ісігінің отбасылық тарихы бар болса, ісік маркері үшін жылына бір рет қан тапсырып тексеріліңіз, 30 жасқа дейін дүниеге сәби әкеліңіз, кеуде тұсына жарақат алмаңыз, күйзелістен сақтаныңыз. Сіз денсаулығыңызды неғұрлым мұқият қадағаласаңыз бұл дерттің де алдын алуға болады.

**Г.А.ӘБДІКЕРЕЕВА,**
**ШЖҚ МКК Қарғалы ауылының**
**аудандық ауруханасының**
**маммолог дәрігері.**

## Қоғамдық тыңдау

2022 жылғы желтоқсанның 15-де сағат 11:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Үңгіртас ауылдық округінің Қ.Шәріпов, № 17 мекенжайында орналасқан «Унгуртасское-2» учаскесіндегі құрылыс тасын өнеркәсіптік игеру жобасына өзгерістер мен толықтырулар және «Унгуртасское-2» құрылыс тас кен орнын жою жоспары» бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Zoom конференциясына қосылу сілтемесі: https://us04web.zoom.us/j/79950099066?pwd=Xa6fJ3OFCxiuruZWKhrV6qjStKgR9s.1

Конференция идентификаторы: 799 5009 9066,

Конференцияға кіру коды: 5rNVVT.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «НЬЮ ЛАЙФ.КЗ» ЖШС.

Жобаны әзірлеуші Р.А.Құрманғалиев, тел. 87012775623.

Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электронды пошта: rufat.taldyk@mail.ru. Тел. 8 701 737 08 70.

Ұсыныстар мен ескертулер ecoportal.kz сайтында қабылданады.

## Общественные слушания

15.12.2022г, в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Унгуртас, ул.Қ.Шәріпов, 17 будут проводиться общественные слушания по проектам: «Изменения и дополнения к проекту промышленной разработки строительного камня на участке «Унгуртасское-2», расположенного в Жамбылском районе Алматинской области и план ликвидации месторождения строительного камня «Унгуртасское-2», расположенного в Жамбылском районе Алматинской области».

Ссылка на Zoom видео конференцию: https://us04web.zoom.us/j/79950099066?pwd=Xa6fJ3OFCxiuruZWKhrV6qjStKgR9s.1 . Идентификатор конференции: 799 5009 9066, Код доступа: 5rNVVT. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «НЬЮ ЛАЙФ.КЗ». Контакты и электронный адрес по которым можно получить дополнительную информацию: Тел.: 87017370870, rufat.taldyk@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ecoportal.kz. Разработчик экологического проекта Курмангалиев Р.А., тел.87012775623.

## Қоғамдық тыңдау

Алматы облысы, Жамбыл ауданында орналасқан «Ұзынағаш-Отар» автомобиль жолының 101-143 км, 2-лот учаскесін реконструкциялау кезінде пайдаланылатын 3 учаскеде («Грунтовый резерв № 1», «Грунтовый резерв № 2», «У-О №5»), кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:

1) 2022 жылы 13 желтоқсанда сағат 11:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Ақтерек аулыдық округінің Баймен көшесі, № 4 мекенжайындағы әкімдік ғимараты.

2) 2022 жылы 13 желтоқсанда сағат 15:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Беріктас ауылдық округінің Қармысов көшесі № 5 мекенжайы.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «EH ESER TAAHUT VE SANAYI ANONIM SIRKETI» (ЭХ ЭСЕР ТААХЮТ ВЕ САНАЙИ АНОНИМ ШИРКЕТИ) АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалы, БСН (201141014361). Мекенжайы: Алматы қаласы Алмалы ауданы, Әуезов көшесі, 60 үй, 5 қабат, 13 кеңсе. Тел: 8 701 026 15 07.

Жобаны әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН (110440009773). Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Алмалы көшесі, № 6 тел. 87085216419, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын сайт: https://ecoportal.kz/

«Алматы облысы, Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (72772) 2-32-27, e-mail: 329267eco@mail.ru.

ЖАО сайтына сілтеме https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=kk .

Қосымша ақпарат алуға болатын электронды пошта zh.zherkoinauy@mail.ru, тел: 8 708 521 64 19

## Общественные слушания

Проводятся общественные слушания методом открытого собрания по проекту План горных работ по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 3 участках («Грунтовый резерв №1», «Грунтовый резерв № 2», «У-О №5»), расположенных в Жамбылском районе Алматинской области, используемых при реконструкции участка автомобильной дороги «Узунагаш-Отар» км 101-143 лот 2:

1) 13.12.2022 г., в 11.00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Актерекский с.о., с.Актерек, здание акимата по адресу: ул.Баймена 4

2) 13.12.2022 г., в 15.00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, Бериктасский с.о., с.Бериктас, ул.Кармысова 5

Инициатор намечаемой деятельности: Филиал АО «EH ESER TAAHUT VE SANAYI ANONIM SIRKETI» (ЭХ ЭСЕР ТААХЮТ ВЕ САНАЙИ АНОНИМ ШИРКЕТИ) в г.Нур-Султан, БИН 201141014361. Адрес: г.Алматы, Алмалинский район, ул.Ауэзова, дом 60, этаж 5, офис 13. Тел: +7701 0261507.

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жерқойнауы». Реквизиты и контактные данные: БИН:110440009773, адрес: Алматинская область, Карасайский район, г.Каскелен, ул.Алмалы № 6; тел.87085216419, email: zh.zherkoinauy@mail.ru

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жерқойнауы». Реквизиты и контактные данные: БИН (110440009773), адрес: Алматинская область, Карасайский район, г.Каскелен, ул.Алмалы, № 6; тел.87085216419, email: zh.zherkoinauy@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются: https://ecoportal.kz/

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», тел. 8 (72772) 2-32-27, e-mail: 329267eco@mail.ru. Ссылка на сайт МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru.

♦ *«101» хабарлайды*

# Жылыту маусымы

Суық түскен сәттен бастап барлық тұрғын үй тұрғындары жылыту пештерін іске қосады. Осы кезеңде жылыту пешін іске қосуы бойынша өрт қауіпсіздік ережелерінің кемшіліктеріне байланысты «пеш» апатының саны көбейеді. Бірақ, көптеген адамдар әлі суымаған пеш күлін ешқандай қауіп төндірмейді деп жаңсақ ойлауы мүмкін. Көп жағдайда пеш күлін бұл азаматтар есік алдындағы жанғыш құрылыстар жанына немесе қора маңайларына төге салады. Бұл дұрыс емес.

Нәтижесінде, төгілген күл кесірінен өрт пайда болады. Тұрғындар ешқандай қауіпті сезбей күнделікті тұрмыстық жұмыстарымен айналасып жүрген кезде, әлі суымаған күл тұтанып үйге қауіп төндіреді. Күл және оның қалдықтарын қазандықтан алған соң арнайы бекітілген орынға төгу керек. Өрттің шығу мүмкіндігін жою үшін бетіне су құйылады.

Күйе – бұл күл емес, ал түгелдей жанбаған зат ары қарай жануы мүмкін. Күлді және шлактарды пештен алған соң оған су құйып, арнайы белгіленген қауіпсіз жерге төккен жөн. Өрт қауіпсіздік ережелеріне сәйкес күлді, шлактарды сақтауға тұрақты арнайы орын дайындаған абзал.

Өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау қажет.

**Алматы облысы ТЖД баспасөз қызметі.**

# Отопительный сезон

С наступлением холодов все жители частного сектора затопили печи. Именно в этот сезон увеличивается количество «печных» пожаров, связанных с нарушением правил пожарной безопасности при эксплуатации и устройстве отопительных печей. Существует и другая проблема – многие люди высыпают еще неостывшую золу возле сгораемых конструкций домов и сараев, думая, что зола не представляет никакой опасности. Однако, это не так.

Существует множество случаев, когда источником возгорания является зола, которую жители высыпают вплотную к дому, хозяйственным строениям. Ни о чем не подозревающие жильцы занимаются бытовыми делами, кто-то уходит на работу. А тем временем неостывшее топливо подбирается к домам и надворным постройкам.

Сажа – это не зола, а недогоревшее топливо, способное гореть и даже резко воспламеняться (вспышкой). Золу и шлак необходимо выгребать из топок, поливать водой и затем удалять в специально отведенное для них безопасное место. Зола и шлак, содержащие раскаленные и тлеющие материалы, после выгребания из топок удаляются в специально отведенное для них место, исключающее возможность возникновения пожара, и проливаются водой.

Соблюдайте правила пожарный безопасности!

**Пресс служба ДЧС Алматинской области.**

# Heatinq season

With the onset of cold weather, all residents of the private sector flooded the furnaces. It is during this season that the number of «furnace» fires associated with violation of fire safety rules during operation and installation of heating furnaces increases. There is another problem – many people pour out the still cold ash near the burnt structures of houses and sheds, thinking that the ash does not pose any danger. However, this is not the case.

There are many cases when the source of ignition is ash, which residents pour out close to the house, household buildings. Unsuspecting residents are engaged in household chores, someone goes to work. Meanwhile, the cold fuel is being picked up by houses and outbuildings.

Soot is not ash, but unburned fuel that can burn and even ignite sharply (flash). Ash and slag must be raked out of the furnaces, watered with water and then removed to a specially designated safe place for them. Ash and slag containing incandescent and smoldering materials, after being raked out of the furnaces, are removed to a specially designated place for them, eliminating the possibility of a fire, and are spilled with water.

Follow the fire safety rules!

**Press service of the Emergency Department of the Almaty region.**

## НАСЛЕДСТВО

*** Открылась наследственная масса после смерти Умирзакова Ербола Турарбековича умершего 13.10.2022 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, улица Саурык батыра 183А, до 13.04.2023.

## Қашар сатылады

Үңгіртас ауылдық округінің «Мұса» өзені жайылымының бойында 540 гектар жайылымдық жері бар қашар сатылады. Қашарда 2 000 бас қойға арналған қыстық қора, ірі малға арналған қалқалы тұрақ, қой түсіруге арналған күпкі, жер астынан шығарылған ауыз су, моншa, отынға арналған қора, 40 тонналық жем сақтайтын контейнер, 10/8 үлкен 5 бөлмелі үйі мен өзен бойында 6/6 жаздық екі бөлмелі үйі тағы да басқа керекті дүниенің бәрі бар. Қашар 2010 жылы салынған. Қашарды қаладағы пәтерге немесе жол таңдамайтын көлікке де айырбастаймын!

**Тел: 8-777-018-00-90**

## ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден (**теплый пол**) жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу (**электросварка**) жұмыстары бойынша хабарласуға да болады. **Тел: 87474606295, 87055384541.**

**Дәурен-Айнұр.**

Құрылтайшысы/ Меншік иесі: «BeyAzh Trans» ЖШС

«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Бас редактор Әйгерім ӘБУ

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@bk.ru

• Осы шығарылымның таралымы – 5550 дана. Тапсырыс – 43 (1567)
• Индексі – 62264. Көлемі – 3 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».